

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.  
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ  
международной научно-практической конференции  
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО  
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021  
Нұр – Сұлтан**

**ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)**

**ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73**

**T29**

**Редакция алқасы**

*МАЙДЫРОВА А.Б.* - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БАЙЖОЛОВА Р.А.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ТЛЕСОВА Э.Б.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БЕРЖАНОВА А.М.* - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЖАНАБАЕВА Ж.К.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*АУЕЛБЕКОВА А.К.* - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С.* - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*КАЗБЕКОВА З.К.* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*НҰРЛАНҰЛЫ А* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

**ISBN 978-601-337-610-3**

**T29** "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

**ISBN 978-601-337-610-3**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

1. Дүниежүзілік банк ресми сайты - <https://worldbank.org/Kazakhstan/>
2. ҚР СЖРА ҰСБ ресми сайты - <https://stat.gov.kz/>
3. Онлайн ресурс: <https://kapital.kz/>
4. Онлайн ресурс: <https://colliers.kz/>
5. Онлайн ресурс: <https://forbes.kz/>

## **Өңірдегі инфляция және жұмыссыздық көрсеткіштері**

### **Нұрлыбек З.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

Жұмыссыздық – елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Кез келген қоғамдағы экономикалық даму барысында тұтыну тауарларының сұранымы құрылымында және өндіріс технологиясында маңызды өзгерістер болады. Қазіргі кездегі ауқымды өзгерістер кезеңі қоғам өмірінің барлық саласын жан-жақты қамтуда экономика мен экономикалық теория бүгінгі күндерде қоғамды дамытудың басты пәрменді күші болып отыр. Экономикалық құрылымы өте күрделі және экономика ғылымы эволюциялық жолмен дамып, болжамдарды жалғастырып келеді. Экономика сонымен қатар қоғам өмірінің көптеген мәселелерін қамтиды. Әсіресе, соның ішінде баға, табыс, жұмыссыздық және тағы басқа құбылыстардың өзгерісімен тығыз байланысты. Қазіргі күндері экономиканы біріншіден - өндіріс, инфляция, табыстар қозғалысын түсіндіру және жазу үшін, екіншіден – экономикалық тәртіпті негіздеу үшін қолданылады. Экономиканың өзін макроэкономика және микроэкономика деп екі салада қарастырамыз. Бұл екі сала өзара бір – бірімен тығыз байланысты болады. Міне, осы макроэкономика саласының күрделі мәселелерінің бірі - инфляция болып табылады.

Халықты жұмыспен қамту үшін 2020-2021 жылдарға арналған "Жұмыспен қамтудың жол картасы" екі жылдық бағдарламасын іске асыру басталды, Жұмыспен қамтудың жол картасын іске асырудың негізгі мақсаттарының бірі жаңа жұмыс орындарын құру және халықтың табысын қамтамасыз ету болып табылады. Осы орайда Шығыс Қазақстан облысының бірнеше аудандары мен қалаларында жұмыссыздықты жою бағыты бойынша көптеген жұмыстар атқарылды.

Шығыс Қазақстан облысы Қазақстанның ең ірі индустриалды-аграрлық аймағы болып саналады. Шаруашылығының басты саласы – өнеркәсіп. Оның құрамында кен өндіру, түсті металлургия, энергетика, машина жасау, құрылыс материалдар өнеркәсібі, ағаш өңдеу, тамақ және жеңіл өнеркәсіптері дамыған. Облыс өнеркәсібінің басты түсті металлургиясы “Қазмырыш”, “Өскемен титан-магний комбинаты”, “Үлбі металлургиялық зауыты” АҚ-дары, “Қазақмыс корпорациясы” АҚ-ның “Шығыс Қазмыс” бөлімшесін, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің РМК “Қазақстан монета сарайы”, “Қазниобий Ертіс химия-металлургия зауыты”, “Ертіс сирек элементті компаниясы”, “Қазмырыштех”

ЖШС-терін қамтиды. Бұл кәсіпорындар өздерінің шығарған сан алуан, бағалы өнімдері бойынша дүние жүзіне белгілі.

Шығыс Қазақстан аумағы бойынша жалғыз өзі бір экономикалық ауданды алып жатыр. Жер аумағы бойынша үшінші орынды алады, көлемі – 283 300 км<sup>2</sup>.

Шығыс Қазақстан облысы еліміздің өнеркәсіп орталығы бола отырып, бүгінде заманауи әрі қуатты мал шаруашылығы инфрақұрылымын құру бойынша бірқатар жобаларды қарқынды іске асырып жатыр, туристік индустрияны дамытуда, тірек ауылдарын абаттандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Қазіргі кезде облыста жұмыссыздықпен күресу үшін барлық жағдайлар жасалуда. Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және жұмыссыздық деңгейінің өсуіне жол бермеу, тұрғындардың тұрақты табысы болуы үшін “Жұмыспен қамтудың жол картасы” іске асырылуда. Бағдарлама аясында 77 млрд теңгеден астам сомаға 800-ден аса инфрақұрылымдық жобаны іске асыру қарастырылған, 20 мыңға жуық жұмыс орны құрылатын болады, оның ішінде: 18870 уақытша және 1150 тұрақты жұмыс орны құрылады.

Әр жоба бойынша іске асырудың әрбір кезеңінде қадамдық іс-әрекеттер алгоритмі мен мониторинг тетігі әзірленген, оның ішінде конкурстық рәсімдерді өткізу, құрылыс-монтаж жұмыстарының барысы, бюджет қаражатын ай сайын игеру, нысанды пайдалануға беру және жұмыс орындарын құру бар.

14 мамырдағы мәліметтер бойынша инфрақұрылымдық жобаларда 8301 жаңа уақытша жұмыс орны құрылған, оның ішінде жұмыспен қамту орталықтарының жолдамасы бойынша 4237 уақытша жұмыс орны қамтылған. 2020 жылғы 1 мамырдағы мәліметтер бойынша жұмыспен қамту органдары арқылы 7068 адам еңбекке орналастырылды, оның ішінде 3324 адам тұрақты жұмысқа орналасты. 2020 жылы облыста 39 мың жұмыс орнын құру жоспарланған, оның ішінде 12 мың тұрақты жұмыс орны құрылады. Биылғы 1 мамырдағы мәліметтер бойынша облыста экономиканың түрлі салаларында барлығы 7740 жұмыс орны құрылды, оның ішінде 3769 - тұрақты жұмыс орны. Биылғы 1 мамырдағы мәліметтер бойынша жұмыспен қамту орталықтарына тіркелген жұмыссыздардың саны 6652 адамды құрады, олар жыл бойы Жұмыспен қамтудың жол картасы аясында жұмыспен қамтудың белсенді шараларына және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға тартылатын болады. Шығыс Қазақстан облыстық білім басқармасы нарықта сұранысқа ие мамандықтар бойынша жұмыссыз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастардан 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлік бағдарламасы аясында техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Техникалық және кәсіптік білім ТжКБ кадрларын даярлау бойынша мамандықтар тізіміне сәйкес Бағдарлама қатысушыларына тегін беріледі. 2019-2020 оқу жылында 42 колледж базасында 42 сұранысқа ие мамандық бойынша 1730 орын бөлінді. Қазіргі кезде жаңа қабылдау бойынша 1601 адам оқытылуда. 2020 жылғы 1 мамырдағы мәліметтер бойынша Бағдарлама бойынша 3858 адам оқытылуда. 2 жыл ішінде

барлығы 687 адам оқуын аяқтады, оның ішінде 565 адам еңбекке орналастырылды.

Облыс бойынша инфляция деңгейін сипаттайтын тұтыну бағасының индексі 2017 жылғы желтоқсан айына қатысты алғанда 2018 жылғы қаңтар айы үшін 100,4%-ды құрады, бұл республикалық көрсеткіш деңгейінен 0,2%-ға төмен.

Азық-түлік тауарларға бағалар 0,6%-ға көбейген. Азық-түлік емес тауарларға өсім 1,0% құрады, халыққа арналған қызметтер 0,5%-ға (денсаулық сақтау қызметтері – 1,3%-ға, білім - 2,4%-ға) өсті.

Азық-түлік тауарлары арасында қаңтар айында балық пен теңіз өнімдері - 0,9%-ға, сүт өнімдері - 0,9%-ға, жұмыртқа – 0,1%-ға, көкөністер - 3,3%-ға, жемістер- 1,1 %-ға, кондитерлік өнімдер - 0,4%-ға, шай - 0,8%-ға көтерілуі тіркелген.

Қаңтар айында азық – түлік емес тауарлардан киім және аяқ – киім 0,2%-ға, үй тұрмысындағы заттар – 0,4%-ға, дәрі-дәрмектер – 0,1%-ға, дизель отыны – 0,3%-ға қымбаттады.

Қорыта келе халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған кедейлікті азайту іс-шаралары және жұмыспен қамтылған халық санын көбейтуге жасалып жатқан мемлекеттің оң саясатына қарамастан, кейбір мәселелер әлі де алаңдату туғызуда. Елдегі жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі Қазақстан үшін экономикалық өсуге өз септігін тигізуде, оның үстіне, одан әрі жұмыссыздық деңгейін төмендету, яғни, жұмысбастылықты көтеру мақсатында, халықты жұмыспен қамту саясаты жүзеге асырылуда. Оның жарқын дәлелі — «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасын орындау аясында 2016 жылға қарай 1,5 млн адамды жұмыспен қамту қарастырылды.

## **УМНЫЕ ГОРОДА КАК СТРАТЕГИЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИИ РЕГИОНОВ**

**Олейник Л.В., Утарбаева Г.К.**

Рудненский индустриальный институт

Казахстан, г. Рудный

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева

Казахстан, г. Нур-Султан

lvoleinik@mail.ru, utartigr@mail.ru

Обзор практического опыта создания «умных» городов формирует понимание направлений развития городов в контексте задач регионального и международного стратегического планирования. Знакомство с моделями «умного» города позволяет определить инструменты местного самоуправления и государственно-частного партнерства для инновационного развития городов.

Британский институт стандартов (British Standard Institution, BSI) описывает «умный город», как «эффективную интеграцию физических,